

## Қазақстан Республикасының Ұлттық почта операторы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы N 1386 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 қарашадағы № 729 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.11.2016 № 729 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

Почта-жинақтау жүйесін одан әрі дамыту, Қазақстан Республикасының Ұлттық почта операторын белгілеу және "Почта туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазпочта" ашық акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының Ұлттық почта операторы болып белгіленсін.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Ұлттық почта операторы туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2003 жылғы 31 желтоқсандағы  
N 1386 қаулысымен  
бекітілген

## Қазақстан Республикасының Ұлттық почта операторы туралы ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Ұлттық почта операторы туралы ережеде (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының «Почта туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы, «Байланыс туралы» 1999 жылғы 18 мамырдағы заңдарына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Ұлттық почта операторының (бұдан әрі – Ұлттық почта операторы) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес почта байланысының әмбебап қызметтерін, арнайы байланыс қызметтерін ұсыну,

қаржылық қызметті және қаржылық қызметтер көрсетуді жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелеріне байланысты өкілеттіктерін, негізгі міндеттері мен функцияларын белгілейді.

**Ескерту. 1-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 24.10.2014 № 1136 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді).**

2. Ұлттық почта операторы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Почта туралы" 2003 жылғы 8 ақпандағы, "Байланыс туралы" 1999 жылғы 18 мамырдағы Заңдарын және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық кесімдерін, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарды және осы Ережені басшылыққа алады. Z040567

## **2. Негізгі міндеттер мен функциялар**

3. Ұлттық почта операторы почта байланысын дамыту саласындағы мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыруға қатысады және почта қызметінің қағидаттарын басшылыққа алады.

### **4. Ұлттық почта операторы:**

1) кез келген елді мекенде кез келген пайдаланушыға почта байланысы саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық кесімдерінің талаптарына сәйкес келетін почта байланысының әмбебап қызметтерін ұсынады;

2) мемлекеттік органдардың аса маңызды хат-хабарларын және қымбат бағалы металдар, зергерлік бұйымдар, қорғаныс өнеркәсібінің аспаптары, аппаратуралары және жинақтаушы бұйымдары бар арнайы жөнелтімдерді, сондай-ақ мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді және оларды жеткізушілерді қабылдаудан, сақтаудан, тасымалдаудан және жеткізіп беруден тұратын арнайы байланыс қызметтерін жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің почта желісін және өндірістік объектілерін пайдаланумен қаржылық қызмет пен қаржылық қызметтер көрсетуді ұсынуды жүзеге асырады, соның ішінде қоса беріліп отырған Мемлекеттік бағалы қағаздардың және өзге де өтімді қаржы құралдарының тізбесіне сәйкес мерзімді депозиттерге тартылатын жеке тұлғалардың салымдарын мемлекеттік бағалы қағаздарға және өзге де өтімді қаржы құралдарына орналастырады; <\*>

4) халықаралық қайтарым купонын төлемге қабылдауға міндетті.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.06.21. N 682; 24.10.2014 № 1136 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді) қаулыларымен.**

5. Ұлттық почта операторы қолданыстағы заңнамаға сәйкес почта операторының қызметтерін ұсынады:

- 1) тіркелетін почта жөнелтімдерін жіберу жөніндегі қызметтерді ұсынады;
- 2) жедел және курьерлік почта қызметтерін ұсынады;
- 3) почталық ақша аударымдарын жүзеге асырады;
- 4) жаздырып алатын баспа басылымдарын таратады және оларды сатады;
- 5) филателия өнімдерін сатады.

### **3. Құқықтары мен міндеттері**

6. Ұлттық почта операторы почта байланысы саласындағы уәкілетті орган бекітетін түрлері мен көлемдеріне сәйкес мемлекеттік почта төлемі белгілерін шығаруды және оларды сатуды ұйымдастырады.

7. Ұлттық почта операторы почта жөнелтімдерін және почталық ақша аударымдарын жіберуді жеделдету мақсатында почта операторларының өндірістік объектілеріне почта индекстерін беру жөніндегі ұсыныстарын почта байланысы саласындағы уәкілетті органның бекітуіне енгізеді.

8. Почта байланысының әмбебап қызметтерінің қолжетімділік деңгейі жөніндегі берілген сапа параметрлерін орындау мақсатында Ұлттық почта операторы :

1) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарымен келісім бойынша әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы почта жәшіктерінің санын және орналасатын жерлерін белгілейді;

2) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарына олардың аумақтарында өзінің өндірістік объектілерін орналастыру, сондай-ақ осы мақсаттар үшін тұрғын емес үй-жайлар бөлу жөнінде ұсыныстар енгізеді.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 24.10.2014 № 1136 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді).**

9. Ұлттық почта операторы өз қызметкерлерін почта байланысы саласындағы өкілетті орган белгілеген тәртіппен нысанды киіммен қамтамасыз етуге құқылы.

### **4. Қызметін ұйымдастыру**

10. Ұлттық почта операторы өз қызметін осы Ережеге және Жарғыға сәйкес ұйымдастырады.

11. Ұлттық почта операторын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң

2004 жылғы 21 маусымдағы  
N 682 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасының  
Ұлттық почта операторы  
туралы ережеге қосымша

## **Мемлекеттік бағалы қағаздардың және өзге де өтімді қаржы құралдарының тізбесі**

**Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.21. N 682 қаулысымен .**

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылғандарды қоса алғанда), Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған бағалы қағаздарынан басқа .

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі, сондай-ақ орналастыру күні бағалы қағаздары сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне ең жоғары санат бойынша енгізілген екінші деңгейдегі банктердегі және/немесе резидент емес бас банктің "А" ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтингтік агенттіктердің жіктемесі бойынша) немесе "А2" ("Moody's Investors Service" рейтингтік агенттіктің жіктемесі бойынша) санаттарынан төмен емес ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді және жеке рейтинг бар, еншілес резидент-банктегі салымдар .

3. "АА"-дан ("Standard & Poor's" және "Fitch" рейтингтік агенттіктердің жіктемесі бойынша) немесе "Аа"-дан ("Moody's Investors Service" рейтингтік агенттіктің жіктемесі бойынша) төмен емес баға алған шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары.

4. Мынадай халықаралық қаржылық ұйымдар шығарған бағалы қағаздар:  
Халықаралық қайта құру және даму банкі;  
Еуропа қайта құру және даму банкі;  
Америкааралық даму банкі;  
Халықаралық есеп айырысу банкі;  
Азия даму банкі;  
Африка даму банкі;  
Халықаралық қаржы корпорациясы (The International Finance Corporation);  
Ислам даму банкі;  
Еуропа инвестициялық банкі.

5. Кредиттік рейтингтің халықаралық шкаласы бойынша "АА"-дан төмен

емес ("Standard & Poor's" және "Fitch" жіктемесі бойынша) немесе "Aa2"-ден төмен емес ("Moody's Investors Service" жіктемесі бойынша) рейтингтік баға алған шетел мемлекеттерінің бағалы қағаздары.

6. Агенттік облигациялар, сондай-ақ сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне ең жоғары санат бойынша енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының ипотекалық облигациялары.

7. Сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне ең жоғары санат бойынша енгізілген Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасы ұйымдарының өзге де мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары.